

Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 қараша N 1770

Астана қаласында тұрғын үй құрылысын және инфрақұрылымды дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қала әкімі - "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, жергілікті атқарушы органдардың жиынтық қарыз алу лимиті шегінде 150 (бір жүз елу) млн. теңге көлеміндегі қаржылық қаражатты заңдарда белгіленген тәртіппен тұрғын үй құрылысына Астана қаласының жергілікті атқарушы органының қарызға алуы туралы ұсынысына келісім берілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.27. N 567 қаулысымен.
Р 0 1 0 5 6 7

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі екі апта мерзімде аймақтық инвестициялық бағдарламаны экономикалық сараптауды жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне бекітуге ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

- 1) берілетін заемның шарттарын қаржылық сараптауды жүзеге асырсын;
- 2) мемлекеттік борышты басқару шегінде заемды тіркеуді бақылауды және заемды алудың, өтеудің және қызмет көрсетудің мониторингін қамтамасыз етсін.

4. Астана қаласының әкімі:

- 1) заем қаражатының мақсатты пайдаланылуын;
- 2) заемға қызмет көрсетуді және өтеуді жергілікті бюджеттің есебінен қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.04.27. N 567 қаулысымен.
Р 0 1 0 5 6 7

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә.Өтембаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

О қ ы ғ а н д а р :

Қ о б д а л и е в а Н . М .

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК